

Республика фосфор саласының қаржылық жай-күйін тұрақтандыру және оны одан әрі дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 22 шілдедегі N 1149

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің 1996 жылғы 19 маусымдағы N 60/96-1 және 1995 жылғы 8 қыркүйектегі N 23/95 келісім-шарттарын "IBE Trade Corp." және "Donnex Enterprises LTD" басқарушы фирмаларының орындауы туралы қорытындысын, Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігі мен Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаментінің 1997 жылғы 23 маусымдағы жоғарыда аталған келісім-шарттарды бұзу туралы бірлескен шешімін қарай келіп, басқаруға берілген кәсіпорындардың қаржылық жай-күйінің жақсармағанын, барлық деңгейдегі несие берушілер алдындағы берешектерінің өсу үстінде екенін атап көрсетеді.

Соңғы жеті жыл ішінде кәсіпорындарды негізгі өндіріс қорларын қайта жаңарту мен жетілдіру жүргізілмеген, олардың тозуы қазіргі кезде сала бойынша орта есеппен 60 процентті құрайды. Тек төрт акционерлік қоғам ("Суперфосфат зауыты", "Нодфос", "Қаратау", "Фосфор") бойынша несиелік берешек 196,4 млн. АҚШ долларын құрайды, бұл қаржылық орнықтылықтың шиеленісті деңгейіне бара-бар.

Қазақстанның фосфорлық ішкі саласын қаржы-экономикалық сауықтыру, одан әрі дамыту мақсатында және аймақтардың әлеуметтік мәселелерін шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті заңдарда белгіленген тәртіппен:

"IBE Trade Corp.", "Donnex Enterprises LTD" фирмаларының сенімді басқаруы жөніндегі 1996 жылғы 19 маусымдағы N 60/96-1 және 1995 жылғы 8 қыркүйектегі N 23 /95 келісім-шарттарын олардың "Қаратау", "Нодфос", "Суперфосфат зауыты", "Промтранс", "Казремэнерго", "Казахстанец", "Казхимжоба ҒЗИ", "Фосфор" акционерлік қоғамдарының акциялардың мемлекеттік пакетін сенімді басқару жөніндегі құқықтық өкілеттіктерін тоқтату бөлігінде өзгертсін, сондай-ақ "Химпром" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін мемлекеттік Медетші банкінен қайтарып алсын;

"Қаратау", "Нодфос", "Суперфосфат зауыты", "Химпром", "Фосфор", "Промтранс" акционерлік қоғамдарымен бірлесіп "Қазфосфор" ашық акционерлік қоғамын құру туралы шешім қабылдасын, бір апта мерзім ішінде құрылтай салымдары ретінде негізгі және айналым қаражаты түріндегі мүліктің тізбесін айқындасын, сондай-ақ оны құру

жөнінде басқа да қажетті ұйымдастырушылық шаралар жүргізісін;

"Қаратау", "Нодфос", "Химпром", "Суперфосфат зауыты", "Фосфор", "Промтранс" акционерлік қоғамдары акционерлерінің жалпы жиналыстарында олардың мүліктік кешендерін "Қазфосфор" акционерлік қоғамының жарғылық қорына құрылтай салымдары түрінде жаңадан құрылып жатқан акционерлік қоғамның акцияларына айырбасқа енгізуі туралы мәселені қарасын;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетімен бірлесіп, "Қазфосфор" акционерлік қоғамының жарғылық қорына мемлекеттің құрылтай салымы ретінде жоғарыда аталған акционерлік қоғамға бекітілген жер учаскелерінің құнын енгізісін;

Қазақстан Республикасы Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің Геология, жер қойнауын қорғау және пайдалану комитетімен бірлесіп, "Қазфосфор" акционерлік қоғамының жарғылық қорына мемлекеттің құрылтай салымы ретінде Шолақтау, Ақсай, Шилібұлақ, Көкжон, Жаңатас, Көксу кен орындарына жер қойнауын пайдалану құқығын, сондай-ақ аталған кен орындары жөніндегі геологиялық ақпаратты енгізісін;

"Қазфосфор" акционерлік қоғамы акционерлерінің жалпы жиналысына акционерлік қоғамының Тараз қаласындағы орналасатын орнын айқындауды және оны орналасқан жерінде мемлекеттік тіркеуді ұсынсын;

басқару жөніндегі 1996 жылғы 19 маусымдағы N 60/96-1 және 1995 жылғы 8 қыркүйектегі N 23/95 келісім-шарттарын акционерлік қоғамдарының мүліктерін сенімді басқаруды жалғастыру бөлігінде өзгерту туралы мәселені қарасын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің Геология, жер қойнауын қорғау және пайдалану комитеті белгіленген тәртіппен "Қазфосфор" акционерлік қоғамына Шолақтау, Ақсай, Шилібұлақ, Көкжон, Жаңатас, Көксу кен орындарында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығына тиісті лицензиялар берсін.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті белгілеген тәртіппен "Қазфосфор" акционерлік қоғамына тиісті жер пайдалану құқықтарын ресімдесін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті "Қазфосфор" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін акционерлік қоғамды тіркегеннен кейін 10 күн мерзім ішінде жабық тендерге сатуды жүргізісін, ал тендер шарттарын әзірлеу Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігіне жүктелсін.

5. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Өнеркәсіп департаментінің директоры (Х.А.Оспанов) дайын өнімді сатудан түскен қаржы қаражатының қозғалысына қатаң және толық бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлік пен активтерді

басқару департаменті акционерлердің жалпы жиналысына Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Өнеркәсіп департаментінің директоры Х.А.Оспановты бұрынғы ие болып отырған қызметі мен жалақысын сақтай отырып, іссапар шығыстарын төлеуді акционерлік қоғамға жүктей отырып, "Қазфосфор" акционерлік қоғамы

президентінің міндетін атқарушы (уақытша) ретінде ұсынсын.

7. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі Ә.Е.Шүкеевке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары